

**Салымшылардың (алушылардың) іс жүзінде енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларына инфляция деңгейін ескере отырып мониторинг жүргізудің кейбір мәселелері туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1351 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 тамыздағы № 617 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.08.2015 № 617 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі :

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес формула бойынша әрбір салымшы ( алушы) бойынша ай сайынғы есептің негізінде салымшылардың (алушылардың) іс жүзінде енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларына инфляция деңгейін ескере отырып мониторингті жүзеге асырсын;

1-1) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес формула бойынша әрбір салымшы ( алушы) бойынша жылдық инфляцияның болжамды деңгейін ескере отырып, салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналарының сомаларына мониторингті жүзеге асырсын;

2) салымшылардың (алушылардың) іс жүзінде енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларына инфляция деңгейін ескере отырып мониторинг жүргізудің тетігін белгілесін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.20. N 375 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

1-1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (келісім бойынша) жыл сайын, есепті жылдан кейінгі айдың 5-күніне дейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне келесі 3 жылға арналған жылдық инфляцияның болжамды деңгейі туралы мәліметтерді ұсынсын.

**Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.03.20. N 375 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2007

жылғы

29

желтоқсандағы

N

1351

қаулысына

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.20. N 375 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**Салымшылардың (алушылардың) іс жүзінде енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын инфляция деңгейін ескере отырып есептеу формуласы**

Салымшылардың (алушылардың) іс жүзінде енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы инфляция деңгейін ескере отырып, мына формула бойынша есептеледі:

$$n = 2, 3, \dots, 12, \dots \text{ болған кезде } S_n = S_{n-1} * I_n + P_n$$

$$S_1 = P_1,$$

$n$  - е с е п т і а й ;

$S_n$  -  $n$  айындағы инфляция деңгейін ескере отырып, салымшылардың (алушылардың) іс жүзінде енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы, теңгемен ;

$I_n$  - алдыңғы айға қатысты  $n$  айындағы инфляцияның көрсеткіші, пайызбен;

$P_n$  -  $n$  айындағы міндетті зейнетақы жарналарының түсімі, теңгемен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2007

жылғы

29

желтоқсандағы

N

1351

қаулысына

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.03.20. N 375 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**Салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары сомаларын жылдық инфляцияның болжамды деңгейін ескере отырып есептеу формуласы**

Салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналарының сомасы инфляцияның жылдық болжамды деңгейі ескеріле отырып:

$Z_k = Z_{k-1} * (1 + i_k) + D_k * (1 + i_k / 2)$  формуласы бойынша есептеледі, мұнда

$Z_k$  - салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналарының  $k$  жылдағы инфляцияның болжамды деңгейі ескерілген сомасы, теңгемен;

$i_k$  - тұтыну бағаларының  $k$  жылдағы болжамды индексі;

$D_k$  -  $k$  жылдағы міндетті зейнетақы жарналары түсімдерінің сомасы, теңгемен;

$k$  - болжамды жыл.